

**Бахтиярова Р.М.<sup>1</sup>, Мауленова Е.М.<sup>2</sup>, Шалшықбаева Г.О.<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>филология магистрі, <sup>2</sup>педагогика магистрі, <sup>3</sup>педагогика магистрі  
<sup>1,2,3</sup>Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем тілдері Университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.,  
<sup>1,2,3</sup>e-mail: rai\_bah@mail.ru, emaulenova@mail.ru, gulbakhit\_69@mail.ru

**ПРАГМА-КӘСІБИ БАҒДАРЛЫ ТАПСЫРМАЛАРДЫ  
ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі заман талабына сай шетел тілін меңгертуде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр. Прагматикалық әрекетте, әсіресе оқыту үрдісінде жағдаяттар ерекше орын алады. Жағдаят тапсырмаларын қолданудың қажеттілігі мен маңыздылығы, шынайы кәсіби іс-әрекеттегідей жағдай туғызылса, тіл үйренушілерге өз кәсібін меңгеруге деген қызығушылықтарын тудырып қана қоймай, сонымен бірге кәсіби іс-әрекет жасауға үйрете отырып, олардың дағды мен іскерліктерін қалыптастырады, әлеуметтік-мәдени және арнайы іс-әрекеттік қабілеттерін анықтайды.

**Түйін сөздер:** прагматика, жағдаят, үлгі, қатысым, кәсіби, мәселелік, қатысымдық компетенция, прагматикалық-кәсіби тапсырмалар.

Bakhtiyarova R.M.<sup>1</sup>, Maulenova E.M.<sup>2</sup>, Shalshykbayeva G.O.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Assistant Professor, <sup>2</sup>Assistant Professor, <sup>3</sup>Assistant Professor of  
<sup>1,2,3</sup> the Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,  
Almaty, Kazakhshtan,  
e-mail: rai\_bah@mail.ru, emaulenova@mail.ru, gulbakhit\_69@mail.ru

**Formation of professional and communicative competence  
on the basis of pragma-professional tasks**

modern teaching of a foreign language the use of advanced technologies, rational methods and systematic work in the field of education is one of the most important and relevant issues in our time. A pragmatic situation has a special place in the pragmatic learning process. The necessity and importance of applying the tasks of a pragmatic situation, as well as the conditions of a real professional practice not only give students an interest in acquiring their professional skills, but also form their skills and helps to identify the ability of activities in the social, cultural spheres.

**Key words:** pragmatics, situation, model, communication, professional, problematic, communicative competence, pragma-professional task.

Бахтиярова Р.М.<sup>1</sup>, Мауленова Е.М.<sup>2</sup>, Шалшықбаева Г.О.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>магистр филологии, <sup>2</sup>магистр педагогика, <sup>3</sup>магистр педагогика  
<sup>1,2,3</sup>Казакский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,  
Казакстан, г. Алматы,  
<sup>1,2,3</sup>e-mail: rai\_bah@mail.ru, emaulenova@mail.ru, gulbakhit\_69@mail.ru

**Методы использования прагма-профессиональных заданий**

В современном обучении иностранному языку использование передовых технологий, рациональных методов и систематическая работа в области образования является одним из наиболее важных и актуальных вопросов в наше время. В прагматическом процессе обучения особое место имеет прагматическая ситуация. Использование прагматических заданий является необходимой и важной частью для побуждения интереса у обучающего к приобретению

профессиональных навыков. Они помогут выявить разносторонние способности обучающегося в социальной, культурной сферах.

**Ключевые слова:** прагматика, ситуация, модель, коммуникация, коммуникативная компетенция, прагма-профессиональная задача.

Қазіргі таңда лингвистика ғылымының дамуы тіл мен адам факторы арасындағы байланысқа бағытталғандықтан, тіл білімінің нысаны ретінде лингвистикалық үш түрлі аспектіні тілге тиек етеміз: тіл-сөз-прагматика. Прагматикалық теорияның зерттеу нысанына өзек болатын мәселелердің ауқымы кең: ол әрі мәтін, әрі дискурс, әрі сөйлеу актісі және фразеобіріліктер мен сөздер де болуы мүмкін.

Прагматика терминін (грек. «pragma» «іс, әрекет») ғылымға алғаш енгізген, семиотиканың негізін салушы Ч. Моррис аталған ғылым саласын таңба мен оны қолданушысының арасындағы қарым-қатынасты зерттейтін ғылым деген (Kaliev, 2005: 253). Ғалымның бұл көзқарасын әрі қарай лингвистикалық тұрғыдан дамытқан Дж. Серл, Дж. Остин, Д. Франк, Ф. Кифер секілді шетел ғалымдары мен И.Д. Арутюнова, Ю.С. Степанов, Г.В. Колшанский, И.П. Сусов, В.Г. Гак сияқты орыс ғалымдарын да атауға болады. Сондай-ақ М.К. Мурзағалиева, Ф.З. Жаксыбаева, Г.К. Ихсанғалиева, С.К. Искиндинова, С.Б. Токтамысова және т.б. отандық лингвистикадағы бірқатар ғалымдар өз ғылыми еңбектерін прагматика мәселесінің әртүрлі қырларын қарастыруға арнаған.

Прагматиканың нақты белгіленген шекарасы жоқ, оған сөйлеуші субъект пен адресаттың (тыңдаушының) арақатынасынан туындайтын мәселелер кіреді. Тілдік бірліктерді прагматикалық тұрғыдан зерттеген ғалымдардың пікірлеріне көз жүгіртсек:

– Прагматика сөйлеу актілері мен олардың жүзеге асу контекстін зерттейді (Р.С. Столнейкер);

– Прагматика тілдік қатысымның заңдылықтарын, сөйлесімнің актілерінің функционалды типтерін зерттейді (В.Г. Гак);

– Прагматика сөйлесімнің мазмұнын, сөйлесім авторының коммуникативтік мақсатқа сай тілдік құралдарды таңдау мәнін, сондай-ақ тыңдаушының айтылған ой мен тіл арқылы берілген ойды дұрыс түсінуін анықтайтын нақты қатысым жағдаятын зерттейді (Э.М. Медникова).

Қатысымның қалыптасуы «сөз әрекеті» арқылы жүзеге асады. Қарым-қатынас пен сөз әрекеті – прагматиканың бір-бірінен ажырамас бөлігі.

Прагматикалық сөз әрекетінің негізінде адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал ету, әрекетке қатысу ұғымдары жатыр. Бұл ұғымдар қарым-қатынасқа қатысушы коммуниканттардың мақсатынан туындайды. Демек, сөз әрекетін тудыратын – сөйлеушінің мақсаты. Жалпы қайсыбір сөйлесімнің прагматикасы болмасын, нақты бір жағдаятта адамдардың қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын анықтауды көздейді. Бұл орайда мақсат – сөз әрекетінің қозғаушы күші, оны қалыптастырушы негіз. Кезкелген сөйлеу актісі сөйлеушінің тіл арқылы өз мақсатын (интенция) жеткізуі болып табылады. Сөйлеушінің мақсаты бірнеше прагматикалық ұстанымдар арқылы жүзеге асады: сөйлеу жағдаяты, сөйлеуші мен тыңдаушы, оларға тән элеуметтік –психологиялық қалып т.б. Яғни, нақты жағдайдағы сөз әрекетінің сәтті болуы қатысымға қатысушы коммуниканттардың мақсатына сай тілдік бірліктерді ұтымды пайдалануына негізделеді. Сондықтан Н.Д. Арутюнова прагматиканың негізгі мақсатын былайша анықтайды: «Одна из задач прагматики, возможно, ее главная задача, состоит в том, чтобы сформулировать правила употребления слов и высказывании и, соответственно, их адекватного истолкования». (Арутюнова, 1981: 356). Ал В.Г. Гақтың пікірінше, прагматика адамның нақты жағдайда қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын қарастырады. (Гак, 1982:11). Осындай ой-пікірлерге ғалым Э.Д. Сүлейменова өз еңбегінде сүйенеді. Жалпы қандай да болмасын ғылым бір нысанды зерттегенде үш сұраққа жауап беруге тырысады: не?- қалай?- не үшін? (Тjazhina, 2010: 130). Мәселен, шетел тілі пәндері мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетілдіруге, қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді. Шетел тілі сабақтарының басты мақсаты: шәкірттерге күнделікті өзін қоршаған қоғамнан алған білім, білік дағдыларына қоса басқа елдердің тыныс-тіршілігінен хабардар етіп, мағлұматтар береді және ең бастысы, жеке бас тәжірибесін жетілдіре түсуге көмектеседі. Шетел тілін үйрену арқылы оқушылар білім деңгейін көтеріп, өз халқы мен басқа халықтар арасындағы ұқсастықтар, ерекшеліктерді ажыратуға дағдыланады, оқушы-

ның өз пікірі қалыптасады, басқа елдердің мәдениетін үйренеді. Шетел тілін үйрену өз бетінше білім алуға, мәдениетаралық қатысымды бойына сіңіруге септігін тигізеді. Шетел тілі пәнінің ең басты міндеті – шәкірттердің тілдік қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру.

Арнайы біліктер бойынша бағдарлы оқытуда сөйлеу, тыңдап түсіну, оқу талаптарымен қатар аударма және жазу талаптары міндетті түрде беріледі. Қоғамдық-гуманитарлық бағытта мектептерде оқу мен сөйлеу басты әрекет болады, оқытудың тәрбиелік, білім беру, жетілдіру мақсаты нақтылана түседі. Атап айтқанда, оларға төмендегілер кіреді:

- мамандық таңдауға оқушының саналы түрде қатынасы, өзінің болашақ мамандығына шетел тілдерін іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін сезінуіне тәрбиелеу;

- оқушының өз мамандығына деген жалпы ой-өрісін кеңейту, болашақ мамандығына қызығушылығын арттыру;

- таным үрдісіне оқушының ойлауы, есте сақтауы, тіл мәдениеті, жаратылыстану және математика ғылыми саласына қызығуы, ғылыми көзқарасы мен тілді қолдану білімін, сөйлеу мәдениетін дамыту;

- оқушыларды ауызша және жазбаша түрде болашақ мамандықтарына байланыстыра өзара мәдени қарым-қатынас жасай білуге дайындау.

Шетел тілі сабақтарында оқушылардың жеке бас ерекшеліктеріне сай түрлі әдіс-тәсілдер қолданылғаны жөн. Ал әрбір өткізілген сабақ оқушыларды өз бетімен ізденіп білім алуға, оқуға жетелесе құба-құп. Оқушының мәселені тани білуі, алған білім, біліктерін жаңа тапсырмаларды шешуге, міндеттер қоя білуге тәрбиелейді. Сабақ үрдісінде шәкірттер оқуға үйренеді, өз бетімен ізденіп білім алудың жаңа жолдарын, тәсілдерін білуге бейімделеді. Бұл өз бетінше жүргізілетін жұмыстарға реферат жазуға, қолжазбалар дайындау, баспасөз беттерінен, оқулықтардан ақпарат алу, түрлі хабарламалар дайындау жатады.

Ғылымның қай саласында болмасын техникаға, жаңа ақпараттық технологияларға байланысты пәндер интеграциясы білім беру саласында қомақты орын алуда. Соған орай жалпы білім мазмұны мен оқыту әдістемесінде де жаңалықтар орын алуда. Оның тағы бір дәлелі, мамандықтар бойынша Қазақстан Республикасы міндетті жоғары білім стандарттарының шығуы. Жаңа ақпараттық технологияларға байланысты пәндер төменгі курстардан бастап типтік оқу жоспарында жаратылыстану пәндер циклында

мемлекеттік компонент ретінде жүргізіледі. Сонымен қатар басқа да ақпараттық технологиялар бойынша жүргізілетін пәндер оқу жоспарларында орын алуда. Нәтижесінде техникалық емес мамандықтарға студенттердің ақпараттық білім мен біліктілігі, танымдылығы қалыптасады.

Шетел тілін үйретудің ақпараттық технологияларға негізделген кешені маманның кәсіби-дүниетанымдық бағыт-бағдарымен табиғи түрде үйлесуі үшін шетел тілін кәсіби бағдарлы үйретудің мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын айқындайтын факторларды, оның құрылымы мен жүйесін, оқыту технологиялары мен үйренушінің тілдік біліктілігіне қойылатын талаптарды анықтаудың жаңа заманға сай стратегиясы мен тактикасын ұстану қажет. Осы тұрасында тіл үйренуші студенттің немесе маманның өздігінен жұмыс жасауына, ізденушілік әрекетінің белсенді дамуына бағытталған оқыту технологиялары мен жүйелерін пайдалану тиімді. Атап айтқанда, шетел тілін үйретудің нәтижеге бағдарлануын, яғни кәсіби техника тілін үйрету сапасының деңгейін көтеруге қатысты алғышарттарды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың ақпараттық технологиясын қолдануға баса мән берілуі қажет. (Hamzina, 2010: 135).

Жоғары оқу орындарында оқудағы басты мақсат тұлғаға мамандықты игерту. А.П. Сейтешов маманның тұлғалық даму тұжырымдамасын жасады. «кәсіби шеберлік» ұғымын ол кәсіптік іс-әрекетін ұзақ мерзім бойы игеру барысында, ерекше жағдайларда қиын кәсіптік мәселелерді немесе тапсырмаларды шешудің ең тиімді, нәтижелі жолдарын қолданған адам бойындағы психологиялық, психикалық және тұлғалық өзгерістердің жинағы деп анықтайды. Өмірде тұлғаның кәсіби қалыптасу үрдісі мамандану деп аталынады. (Sejteshov, 1974: 30).

И.Д. Багаева педагогикалық іс-әрекеттің кәсіби шеберлігі тұжырымдамасында біріктіруге көңіл аударады: мамандық шеберлік – бұл іс-әрекетте қалыптасатын тұлғаның интегралдық қасиеті, өзіндік ерекшелігі, бұл іс-әрекет барысы және нәтижесі. (Bagaeva, 1989: 158).

Осыған орай автордың пікірінше, іс-әрекеттік кәсіп тұлғаның және іс-әрекеттің мәнімен сипатталады. Бұл құрылым үш құрама бөліктен тұрады:

**кәсіби білім** – жалпы кәсіби шеберліктің қалыптасу негізі (құрылымдық бөлік бойынша – бұл болжам және таным іс-әрекеті);

**кәсіби қарым-қатынас жасау шеберлігі** – алған білім қорын тәжірибеде қолдана алу мүмкіндігі және дайындығы, болашақ педаго-

гикалық қызметіне бағдар, «жарыс алдындағы күйі», күшін сынауы (яғни сөйлеу қызметі);

**кәсіби өзін-өзі жетілдіруі** – өзіне-өзі әділ баға берумен және қарым-қатынас барысында кездескен өзіндік кемшіліктерін және біліміндегі жетіспеушіліктерді шұғыл жою, яғни өзін-өзі қадағалап түзету арқылы кәсіби іс-әрекет жүйесінің дамуын қамтамасыз ету, құрылымдық бөлік бойынша- бұл іс-әрекеттің бағалау және туынды түрлерінің біріктірілуі.

**Кәсіби іс-әрекет деп** – оны орындау үшін адамда жеткілікті білім қоры, тұлғалық маңызды қасиеттер, кәсібіне сәйкес іскерліктер, дағдылар, қабілеттер болуы керек, солардың көмегімен адам көздеген мақсаттарына жетеді, ниеттері мен қоршаған ортаға көзқарас қатынасы өзгереді. А.К. Маркованың көзқарасы тұрғысынан кәсіптік іс-әрекет- маманның өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне қарай таңдаған кәсібін игеруі, кәсібі туралы ереже, нұсқауларды, әдебиеттерді оқуы, өзін маман ретінде қалыптастыруы және сезінуі, кәсібі саласында өз үлесін қосуы, кәсіби мамандығын жетілдіру арқылы өз тұлғасын дамытуы.

Кәсіби іс-әрекетке жеке адамның тұрғысы жағынан қарайтындар- іс-әрекеттің мотивациялық жағына, жеке адамның өзіндік қасиеттеріне, ойлау стиліне аса көңіл бөле отырып, кәсібіне жағымды көзқарасын және оған шынайы беріліп қарауын кәсіптік шеберліктің маңызды көрсеткіштері деп санайды. Сонымен қатар бірқатар еңбектерде кәсіптік іс-әрекеттің процессуалдық (технологиялық) және мотивациялық қажеттіліктер арасында байланыстың барлығы айтылады. Атап айтқанда Е.М. Борисованың айтуынша, іс-әрекетті шебер игеруі және жоғары көрсеткіштерге жетуі барысында кәсіби мотивацияның дамитынын, оның тұрақтанып нығаятынын, жеке адамның қажетті кәсіби қасиеттерінің шыңдалатынын, өзін-өзі орынды бағалауы өсетінін және кәсібіне жауапкершілікпен қарау деңгейі өзгеретіні байқалады (Borisova, 1991: 181).

Тұлғаның мотивациялық-қажеттілігі саласы мен кәсіптік іс-әрекетінің процессуалдық жағы арасындағы өзара арақатынастың орнауы, осындай қатынастың дамуы мүмкін екендігі туралы ойдың барлығын ескеретін тұлғаның кәсіби қалыптасуы тұжырымдамасына жақындайды. Ол тұжырымдамада кәсіптік дамуда мамандандудың әр түрлі кезеңдерге бөлінуіне қарай белгілі бір деңгейлерде тұлғалық қасиеттердің пайда болуы сипатталады.

А.Р. Фонарев кәсіптік іс-әрекет үш деңгейде жүзеге асырылады дейді (Фонарев, 1997: 88).

1. Орындаушы деңгей – маманның кәсібіне байланысты кейбір үлгілердің қайталануын талап ететін іс-әрекеттерден тұрады. Бұл деңгейдегі іс-әрекет бір ізді жұмыстардың орындалуы арқасында дағдылардың қалыптасуына әкеледі. Осы деңгейдегі мамандар сипаттамалары мынандай: нұсқаулар бойынша жұмыс жасап, оларды бұлжытпай орындауға тырысады. Басқа адамдар олар үшін өз мақсаттарына жету құралы, кәсіп өздерінің тұрмыстық жағдайларын жақсарту үшін қамтамасыз етіледі.

2. Жоспарлау деңгейі – қызметкерлердің өз іс-әрекеттері туралы кейбір мәліметтерден жалпы хабардары бар. Бұл іс-әрекет деңгейіндегі мамандарда лауазымдық саты болады, бірақ оның сипаты анық емес. Кәсіптік іс-әрекет заңдылықтарының терең көріністері өмірде жаңа талаптар қояды. Адам кәсібіне қандай талап қойса, кәсіп те адамға сондай талап қоя бастайды. Іс-әрекетінің жүзеге асырылу жолдары онша қолайлы емес екенін көргенде, адам одан бас тарту сезімі пайда болады, бірақ оны өзгертуге мүмкіндігі жоқ. Іс-әрекетінен жаңа мән тапқан кейбір мамандар кәсіпке деген көзқарастарын өзгертуді, оған бейімделуді, кейбіреулері маманның тұлғалық дамуына кедергі болатын бірінші деңгейге түседі.

3. Жобалау деңгейі – бұл іс-әрекетке тұтас білім ретінде жаңа түсінікпен қарауға көшу деңгейі. Бұл деңгейде кәсібі туындап қуаныш әкеледі, өзін қожайын сезінеді. Жұмыс міндеттіліктен гөрі қажеттілікке айналады, сөйтіп еңбек мәдениетке айнала бастайды.

Кәсіби іс-әрекеттің құрылымы және оның мазмұны өзгермей тұрмайды. Олар маманның тұлғалық өсуі, өз кәсібінен жаңа бір мәндерді, жаңа нысандарды тапқан сайын өзгеріп отырады. Кәсіби іс-әрекетіндегі өзгерістер, оның сапалы жаңа деңгейі тұлғаның одан өсуіне әкеледі, бұл өз кезегінде, кәсіби іс-әрекетін жаңа мағыналармен және жаңа әдіс жолдарын таңдауға әсерін тигізетін тұтас іс-әрекетке толтырады.

Тіл мамандығын меңгеруші студенттердің кәсіби бағыттылықтарын дамытудың негізгі құрамын – білімдердің негізінде жатқан танымдық іс-әрекет құрайды.

Тұлғаның танымдық іс-әрекетке қатынасы мазмұнды, мотивациялық және мінез-құлық жақтармен сипатталады.

Егер студенттер жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларды тіл кәсібінің маңыздылығы туралы жеткілікті білімі, кәсіби саласында кәсіпкерлік іс-әрекеттің мүмкіншіліктерін білетін болса, сонымен қатар нарықтық кәсіби



(оның ішінде білім беруде) қызмет көрсетуге және қазіргі қоғамның талабына сай оның болашақтағы дамуын бағдарлай алса, онда кәсіби бағыттылықтың нәтижелі қалыптасуы мен дамуы арта түседі.

Шебер маман тек қана жоғары нәтижелер көрсету емес, сонымен бірге ол адамның еңбекке деген көзқарасы, оның психикасының күйі, мотивация жақтары және кәсіби іс-әрекетіндегі қимыл-әрекет жолдары. (Ryskel'dina, 2010: 135).

Шетел тілінің қазіргі оқытылуындағы шешуші міндет – толық және нақты мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде тілге оқыту. Әрбір шетел тілінің сабағы – бұл мәдениетаралық жол қиылысы, мәдениетаралық қарым-қатынас практикасы, өйткені әрбір шетел тілі шетел әлемін және шетел мәдениетін көрсетеді.

С.С. Құнанбаеваның зерттеулері негізінде көрсетілгендей «мәдениетаралық қатысым субъектісі» – мәдениетаралық қатысымның когнитивтік және іс-әрекеттік қатысым негіздерін өте жоғары деңгейде қалыптастырған субъектінің «екінші когнитивті санасы» барлығын көрсететінін және мәдениетаралық қатысымның әлеуметтік және лингвомәдени салаларында толық түсінігі, сөйлеу қабілеті мен мәдениеті тіл қоғамының барлық талаптарына сай, сөйлеудің әр жағдайда өзгеруіне байланысты дұрыс қарым-қатынас жүргізуді қамтамасыз ететін тұлға. (Kunanbaeva, 2005: 262).

Жоғарыда айтылғандай прагматикалық әрекетте, әсіресе оқыту үрдісінде жағдаяттар ерекше орын алады. Шетел тілін оқыту әдістемесінде

маңызды мәселелердің бірі – кәсіби мамандық жағдаяттары. Жағдаят – белгілі бір мақсатқа бағытталған жеке бас қажеттіліктерінен туған сөйлеушілердің қарым-қатынасының серпінді жүйесі. Жағдаят сөйлеудің шартты дамуына себепкер болады. Қазіргі педагогикалық үрдісте жағдаяттың маңыздылығы туралы шетелдік ғалымдар И.Л. Бим, А.Н. Леонтьев, Е.И. Пассов, А.М. Стояновский, А.А. Леонтьев, Г.В. Роговалардың еңбектерінде жазылып жүр. Педагогикалық оқу жағдаяттары квази-кәсіби жағдаяттар ретінде өзінің негізгі қатысым сапасын сақтай отырып, тіл үйренушілерге әралуан болашақ кәсіби қарым-қатынас жасауға және олардың шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Жағдаят тапсырмаларын қолданудың қажеттілігі мен маңыздылығы, шынайы кәсіби іс-әрекеттегідей жағдай туғызылса, тіл үйренушілерге өз кәсібін меңгеруге деген қызығушылықтарын тудырып қана қоймай, сонымен бірге кәсіби іс-әрекет жасауға үйрете отырып, олардың дағды мен іскерліктерін қалыптастырады, әлеуметтік-мәдени және арнайы іс-әрекеттік қабілеттерін анықтайды. (Leont'ev, 1972: 56). Сонымен қатар олар мәдениетаралық қатысымдық құзыреттіліктердің қалыптасуына да әсер етеді.

Кәсіби мамандық жағдаяттарын шетел тілі сабағында қолдану – қазіргі жаңа әдістеме бойынша шетел тілін оқытудағы басты мақсат – мәдениетаралық тілдік қатысым құзыреттілігіне және өз кәсібін жетік меңгеруге жетудің тиімді жолдарының бірі деп есептейміз.

### Әдебиеттер

- Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 253 б.
- Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Изв. АН СССР. Серия литературы и языка Т. 40. – 1981. – № 4. – 356–367б.
- Гак В.Г. Прагматика узус и грамматика речи // ИЯ в школе. – 1982. – №5. – 11 б.
- Тяжина Е.Б. Одағай сөздердің прагматикалық қолданысы. канд. диссертация. – Алматы, 2010. – 130 б.
- Хамзина А.Х. Мамандыққа бейімдеп оқыту әдістемесі: ЕҰУ, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. – Астана, 2010. – 135–139 б.
- Сейтешов А.П. Жас жұмысшыларды тәрбиелеудің кәсіби бағыттылығы педагогикалық мәселе: автореф. дисс. пед. ғыл. док. – Алматы, 1974. – 30 б.
- Багаева И.Д. Педагогика қызметінде мамандыққа құндылықпен қарау. – Усть-Каменогорск, 1989. – 158 б.
- Борисова Е.М. Тұлғалық және мамандық. – М., 1991. – 181 б.
- Фонарев А.Р. Мамандану барысында тұлғаның өсу түрлері // Психология сұрақтары. – 1997. – №2. – 88–93 б.
- Рыскельдина А.А. Кредиттік оқыту жағдайында тіл маманы студенттерінің кәсіби бағыттылығын дамыту: канд. дисс. – Алматы, 2010. – 135 б.
- Құнанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. – Алматы, 2005. – 262 б.
- Леонтьев А.А. Национально-культурная специфика речевого поведения. – М.: Наука, 1972. – 56 б.

### References

- Arutjunova N.D. (1981). Faktor adresata Izv ANSSSR. Serija literatury i jazyka [Destination factor // Izvanssp. Series of literature and language] T.40. № 4, 356-367 b. (In Russian)
- Bagaeva I.D. (1989). Pedagogika qyzmetinde mamandykqa qyndylykpen karau. [Value-added to the profession of pedagogical activity] Ust'- Kamenogorsk, 158 b. (In Kazakh)
- Borisova E.M. (1991). Tylfalyk zhəne mamandyk. [Personality and profession] M. 181 b. (In Kazakh)
- Fonarev A.R. (1997). Mamandanu barysynda tylfanyn əsu tyrleri. [Types of personal growth during the specialization] Psihologija syraqtary. №2. 88. 93 b. (In Kazakh)
- Hamzina A.H. (2010). Mamandykqa bejimdep oqytu ədistemesi. [Adaptation to the specialty] EYU Halykaralyk rylymi-təzhiribelik konf. materialdary. Astana. 135–139 b. (In Kazakh)
- Gak V.G. (1982). Pragmatika uzus i grammatika rechi. [Pragmatics and the grammar of speech] IJa v shkole. №5. 11 b. (In Russian)
- Kaliev F. (2005). Til bilimi terminderiniñ tysindirme səzdigi. [Dictionary of linguistic terms] Almaty: Səzdik-Slovar'. 253 b. (In Kazakh)
- Kunanbaeva S.S. (2005). Sovremennoe inozazychnoe obrazovanie: metodologija i teorii. [Modern inexperienced learning: methodology and theory] Almaty, 262 b. (In Russian)
- Leont'ev A.A. (1972). Nacional'no-kul'turnaja specifika rechevogo povedenija. [National-cultural specificity of rhetoric] M.: Nauka, 56 b. (In Russian)
- Ryskel'dina A.A. (2010). Kredittik oqytu zharđajynda til mamany studentteriniñ kəsibi barıtylyғыn damytu: kand.diss. [Development of professional orientation of linguistic professionals in the context of credit education] Almaty, 135 b. (In Kazakh)
- Sejteshov A.P. (1974). Zhas zhymyshylardy tərbieludiñ kəsibi barıtylyғы pedagogikalыk məsele: avtoref.diss.ped.fyl. dok. [The professional orientation of young workers is a pedagogical issue] Almaty, 30 b. (In Kazakh)
- Tjzhina E.B. (2010). Ođaraj səzderdiñ pragmatikalыk qoldanysy. [Pragmatic use of contingent words] kand. Dissertacija. Almaty, 130 b. (In Kazakh)